«Шардара» мектеп-лицейі бойынша
ата-аналар кеңесінің құрам мүшелері және атқаратын қызметі
2024-2025 оқу жылы

№	Аты-жөні	Кеңесте атқаратын қызметі	Мамандығы, қызмет орны	Мекен жайы, байланыс сымтетігі
1	Лаханов Сәбит	Жалпы ата-аналар кеңесінің төрағасы	«Өскен өңір» газетінің бас редакторы	С. Төрайғыров 87027404546
2	Айдарова Жаңылай Зияшқызы	Аудандық аналар кеңесінің төрайымы	Ардагер ұстаз	Шаңырақ мөлтекауданы 87758412646
3	Жанықұлов Көбейсін	Ата-аналарға, оқушыларға құқықтық тәрбие беруші	ІІІБ-нің қызметкері, мектеп инспекторы	М.Жәлел 10
4	Асабаев Нұрлан	Спорттық іс-шараларды ұйымдастырушы	«Шардара» мектеп-лицейінің дене шынықтыру пән мұғалімі	М.Жәлел 1-4 87072838374
5	Ахментаев Нұрлан	Оқушыларды әлеуметтік қорғаушы	Аудан әкімшілігі бас маманы	Н. Анарқұлов 13
6	Аширбаева Жанар	Жанұя мен мектеп арасындағы байланысты ұйымдастырушы	«Шардара» мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі	М.Жәлел 1-1 87026032133
7	Қанаев Мейрамбек	Шаруашылық істерін ұйымдастырушы	ҚЖБ инспекторы	Әл-фараби 17-10
8	Әбілдаев Нұрғали	Мектептегі ата-аналармен салауатты өмір салтын қалыптастыру	АББ-нің инспекторы	Ақбала 42-2 87002513027
9	Ахатова Гулнур	Ата-аналар кеңесін үйлестірушы	«Шардара» мектеп-лицейінің ДТІЖО	Ә.Ерубаев 15

Дайындаған:Г.Ахатова

АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ



МАҚСАТЫ: тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз ету үшін орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара әрекеттестік пен позитивті ата-ана болу мәдениетін дамыту

МІНДЕТТЕР:

- балалардың саламаттығын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыретін дамытуға арналған жүйелік педагогикалық қолдауды ұйымдастыру
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуда білім беру ұйымы және отбасы арасындағы өзара әрекеттестікті нығайту
- балалардың саламаттығын үдерісте қамтамасыз ету бойынша балалардың тәрбиесі мен дамуына ата-ана жауапкершілігін арттыру
- позитивті ата-ана мәдениетін дамытуда әлеуметтік серіктестердің күш-жігерін біріктіру

ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ПРИНЦИПТЕРІ:

- Ұлттық мәдениет, құндылықтар мен дәстүрлердің сабақтастығы
- Үдерістің гуманистік бағыттылығы
- Ата-аналарға дифференциалды және жекелей қолдау көрсету
- Заманауи ғылым мен тәжірибенің озық үлгілерін пайдалану
- Әлеуметтік серіктестікке басымдық беру, ресурстық ұйымдар мен біліктілікті эксперттерді тарту

ӘЛ-АУҚАТ

Қазіргі әдебиеттерде «денсаулық» туралы көптеген анықтамалар бар, бірақ барлық елдерде танылған негізгі анықтамалар Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) анықтамасы болып табылады.
1948 жылы қабылданған ДДҰ Жарғысында: «денсаулық – бұл ауру мен физикалық ақаулардың болмауы ғана емес, толық физикалық, рухани және әлеуметтік әл-ауқаттың жағдайы» делінген.

Әлеуметтік

Эмоционалдық



Танымдық

Физикалық

ФИЗИКАЛЫҚ ӘЛ-АУҚАТ



Физикалық әл-ауқат дегеніміз-адам өзін физикалық тұрғыдан жайлы сезінетін және күнделікті тапсырмаларды тиімді орындай алатын денсаулық жағдайы. Бұл физикалық белсенділіктің сау деңгейін сақтауды, теңдестірілген тамақтануды, жеткілікті ұйқыны және үнемі медициналық бақылауды қамтиды. Физикалық әл-ауқат сонымен қатар аурудың алдын алумен, созылмалы жағдайларды басқарумен және дененің жалпы денсаулығымен байланысты.

1-4 СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚ МАЗМҰНЫ

Сапалы ұйқы - бала дамуы мен денсаулығының негізі
Дұрыс тамақтану өдеттерін қалыптастырамыз

5-9 СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚ МАЗМҰНЫ

Ұйқы реттелмей, өмір реттелмейді.
Бүкіл отбасына пайдалы рацион

10-11 СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚ МАЗМҰНЫ

Ұйқы және жан тыныштығы
Сырттың тамағын талғап іш

АПҚО САБАҚТАРЫНДА АТА-АНАЛАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ПРОЦЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Эмоционалды көңіл-күй, сабақ тақырыбына кіріспе: белсенділік (ойындар, тапсырмалар)

АТА-АНАЛАР



олар сабақтың тақырыбын түсінеді: ойындарға, тесттерге қатысады, сұрақтарға жауап береді

НӘТИЖЕСІ

Сенім қатынастары орнатылады, білім беру процесіне қатысу қамтамасыз етіледі

Ақпараттық блок: миға шабуыл, эксперименттер, блиц-сауалнамалар, әңгімелер, бейнематериалдар

АТА-АНАЛАР



талқылау, талдау, қорытынды жасау, QR кодтары мен әдебиеттерге сілтемелерді пайдаланады

НӘТИЖЕСІ

Қойылған проблемалардың өзектілігін түсінеді, ананың, әкенің рөлі, балалардың жас ерекшеліктері туралы түсініктерін тереңдетеді

Практикалық іс-шаралар: тренингтер, хакатон, жұмыс дүкендері, кейс-стади, жаттығулар, іскерлік ойындар, рөлдік ойындар, шағын пікірталастар және т. б.

АТА-АНАЛАР



олар өз ұстанымдарын айтады, шешім ұсынады, рөлдерді орындайды, өз тәжірибелерімен бөліседі, бір-бірінен үйренеді, шағын жобалар, Алгоритмдер жасайды, шығармашылық тапсырмаларды орындайды

НӘТИЖЕСІ

Олар дағдыларды игереді: отбасындағы қарым-қатынас, белсенді тыңдау, жанжалды басқару, стресске төзімділікті дамытады, стандартты емес жағдайларды шешуді үйренеді

Рефлексия: аяқталмаған сөйлемдер, мақсат ағашы және т. б.

АТА-АНАЛАР



білген ақпарат туралы ойымен бөліседі, қатысуының тиімділігін бағалайды, даму нүктелерін анықтайды

НӘТИЖЕСІ

Тәрбие процесіне саналы көзқарас, жауапкершілікті арттырады, отбасындағы тәрбие мәселелеріне қызығушылық танытады

САЙТТАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ ҚОЙЫНДЫСЫ

Өркен

Біз туралы Ата-аналарға Педагогтерге Балаларға Жедел желі нөмірлері

ҚАЗ



Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталығы

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы балаларды тәрбиелеуде ата-аналардың психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік құзыреттілігін арттырып, мәдениетін дамыту және қолайлы білім беру ортасын қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымдарында жағдайлар жасайды.

Тіркелу

Жаңалықтар

"Өркен" балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты"







СҰРАҚ-ЖАУАП

АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ

Мониторингтің мақсаты-ата-аналардың орталықтағы сабақтарға қанағаттануы және ата-аналардың балаларының білім беру және тәрбие процестеріне қатысуы туралы ақпаратты жинау, жинақтау, талдау, өңдеу.



АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ МОНИТОРИНГІНІҢ ОБЪЕКТІЛЕРІ:

- тыңдаушылар саны және сабаққа қатысу туралы статистикалық деректер;
- АПҚО тыңдаушыларының алған білімдеріне қанағаттануы;
- ата-аналардың балаларының білім беру және тәрбие процестеріне қатысуы



МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ МЕРЗІМДЕРІ

- Білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы қызметінің ұйымдастырушылық аспектілерінің мониторингі - ай сайын

- Білім беру ұйымдарында Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жобасы қызметінің тиімділігіне мониторинг жүргізу, бағдарламаларды жақсарту бойынша ұсыныстар жинау – желтоқсан және мамыр айларында

Ақылды сөз қылмақ қиын, ақылды сөзді ақылды іс қылмақ одан да қиын.

Әлихан Бөкейхан

Тәннің күшті болуы да, елдің күшті болуы да – екеуі де тәрбиемен. Тәрбиесіз тән қандай азса, тәрбиесіз ел де сондай азбақ.

Ахмет Байтұрсынұлы

КЕРІ БАЙЛАНЫС









Шардара аудандық білім бөлімінің
«Шардара» мектеп-лицейі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Шардара қаласы 02.09.2024 жыл

БҰЙРЫҚ № 198

Ата-аналардың педагогикалық қолдау орталығы туралы

Қазақстан Республикасының «Білім» туралы заңының 11 бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды немесе заңды өкілдерді (бұдан әрі – ата-аналар) педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – әдістемелік ұсынымдар)балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту, балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда орта білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру мақсатында төмендегі қызметкерлерден құрылсын:

- Орталық қызметін ұйымдастыруды басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары-А.Есенбаева;
- Педагог психолог- Ф.Жумабаева, Р.Кеңес;
- Әлеуметтік педагог-Қ.Мұсақулова, Р.Алимбекова;
-Қосымша білім беру педагогы-Г.Туякова;
- Ата-аналар кеңесінің төрағасы-С.Лаханов;
- Сынып жетекшілер.

Негіздеме: «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесі 2023 жылғы 15 тамыздағы № 4 хаттамасына

Мектеп-лицей директоры **Ж.Сапаров**

Бекітемін:
Мектеп-лицей директоры: Ж.Сапаров

«Шардара» мектеп –лицейінде ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша өткізілетін жылдық жоспар

2024-2025 оқу жылы

Мақсаты: балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды немесе заңды өкілдерді педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту.

Ата-аналарды педагогикалық қолдаудың міндеттері:

1. балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;
2. балаларды тәрбиелеу мен дамытуда білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту;
3. балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

№	Тақырыбы	Мазмұны	Мерзімі	Өткізу форматы
1-4 сынып оқушыларының ата-аналарын педагогикалық қолдау бағдарламасы				
1.	Отбасы – бақыт бесігі	Отбасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру: ата-ананың балаға назар аударуы, қолдау, позитивті қарым-қатынас, өзара түсіністік, сенімге құрылған қарым-қатынас	Қазан	Ақпараттық видео
2.	Таным қуанышы: баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз?	Баланың есте сақтау қабілетін, зейінін, ойлауын және қарым-қатынас жасау дағдыларын ұлттық мәдениет негізінде дамыту әдістері	Қараша	Ата-аналар жиналысы
3.	Әрбір бала – жарық жұлдыз	Баланың ерік-жігері мен мінезін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу	Желтоқсан	БАҚ жариялау
4.	Баланы жастан...	Балалар мен ата-аналарға арналған ұлттық және отбасылық интеллектуалдық ойындар.	Қаңтар	Ата-аналар жиналысы
5.	Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады?	Компьютерлік ойындарға балама ретінде: спорт, белсенді ойындар, шығармашылық, оқу, серуендеу, театр және т. б.	Ақпан	Салауатты белсенділік айлығы
6.	Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер	1. Балаға жақсы әдеттерді үйрету. 2. Балапан ұядан не көрсе, ұшқанда соны іледі.	Наурыз	Тренинг

7.	Сенім арту - жетістік кепілі. Қиын жағдайда баланы қалай қолдау керек?	Жағдайды шешуде баланың күшті жақтарына сүйену	Сәуір	Ата-аналар жиналысы
8.	Тәлімменен өрілген біздің дәстүр	Ұлттық дәстүрлер мен отбасылық дәстүрлердің сабақтастығы	Мамыр	Дөңгелек үстел

5-9 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1.	Позитивті тәрбие	Позитивті ата-ананың ерекшеліктері: жағымсыз көңіл-күйден жағымды эмоциялардың басым болуы; жасөспірімнің бойындағы ізгі қасиеттерге назар аудару, күшті және жағымды мінез-құлық қасиеттерін дамыту	Қазан	Әлеуметтік желілерге жариялау
2.	Ақыл айтпа, жол көрсет «Оқырман отбасы»	Өзіңді өзің сыйламасаң, өзгеден сый дәметпе. Бейімделу процесіне жасөспірімнің өзін-өзі бағалауының әсері	Қараша	Ата-ана оқулары Ата-ана жиналысы
3.	Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер	Жасөспіріммен қалай қарым-қатынас жасау керек, конструктивті келіссөздер	Желтоқсан	Дөңгелек үстел
4.	Бұлақ көрсең, көзін аш.	Қазіргі отбасында балалар шығармашылығын дамытудағы ұлттық ойындардың маңызы	Қаңтар	Ата-ана жиналысы
5.	Жасөспірімнің желідегі әрекеті	Ата-ананың жасөспірімді кибербуллингтен және интернет кеңістігіндегі қауіпті көздерден қорғау алгоритмі	Ақпан	Ақпараттық стенді жасау
6.	«Әр нәрсенің өлшемі бар...»	Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу	Наурыз	Арнайы мамандармен кездесу
7.	Жасөспірім мінезінің ерекшеліктері	Жасөспірімдер арасындағы қақтығыстар. Қорқыту. Әдепсіз өскен адамнан, тәртіппен өскен тал жақсы	Сәуір	Ата-ана жиналысы
8.	Отбасы құндылығы - сарқылмас қазына	Бабалар дәстүрі - ұрпаққа өсиеті - отбасының құндылығы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлерді талқылау және қолдану	Мамыр	Ата-аналар мен балалардың қатысуымен мәдени іс-шара


10-11 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ				
1.	Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...	Позитивті ата-ана тәрбиесі – жоғары сынып оқушысының өз болашағын өз бетінше құруға қалауы мен қабілетін қолдау	Қазан	БАҚ жариялау
2.	Балаға мамандық таңдауға қалай көмектесуге болады?	*Ұлы жол үйіңнің табалдырығынан басталады.* Балаңызға мамандық пен кәсіп түрлерін таңдауда қалай көмектесуге болады	Қараша	Ата-ана жиналысы
3.	Көркем мінез – бағa жетпес байлық	Өсіп келе жатқан балалармен қарым-қатынас мәдениеті	Желтоқсан	Бейне жазба
4.	Жоғары сынып оқушыларының дамуындағы тәуекел аймақтары	*Сыныптан өзгенің бәрі жұғады.* Тәуелділіктің алдын алу шаралары	Қаңтар	Ата-ана жиналысы
5.	Әлеуметтік желілер және ғаламтор кеңістігі: жоғары сынып оқушылырының қауіпсіздігі	Жоғаргы сынып оқушыларының ойынға тәуелділігін диагностикалау	Ақпан	Сауалнама
6.	Күйзелісті жеңуге көмектесеміз	Агрессия, депрессия, суицидтік мінез-құлық және стресстің басқа да экстремалды көріністері	Наурыз	Тренинг
7.	Сүйіспеншілік – сыйластық кілті	Жоғары сынып оқушысымен «арнайы» тақырыптарда қалай сөйлесуге болады	Сәуір	Ата-ана жиналысы
8.	Ұрпақтан ұрпаққа берілетін отбасылық дәстүрлер мен құндылықтары	Қазіргі құбылмалы қоғамда отбасылық дәстүрлерді сақтау	Мамыр	Танымдық сабақ
	Мониторинг жүргізу	Ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша жүргізіліп жатқан жұмысқа мониторинг жүргізу	Маусым	Анықтама

Директордың тәрбие орынбасары: Г.Ахатова































Ата-аналар қолдау орталығының жұмысы
















ФОНЕТИКА
СИНТАКСИС
ЛЕКСИКА



Түркістан облысы

Шардара аудандық білім бөлімі

«Шардара» мектеп-лицейі

Тақырыбы:*«Баланың бас ұстазы ата-ана»*

Сынып жетекшісі: Зиманова Е
5 «ә» сынып

2024-2025ж

Баяндама: Баланың бас ұстазы-ата-ана

Бүгінгі жастарды жетілген азамат етіп тәрбиелеу отбасы жауапкершілігін тағы да арттыра түсуде.Себебі,балаға саналы тәрбие өмірге келген күннен бастап,сол өзі туған отбасынан бойына сіңіреді.

Қазіргімектепқоғамыздыңбілімді,саналыадамгершілігіжоғарыазаматтарынокытып,тәрбиелеуде.

Сондықтан,бүлбағытағыжұмыстардыұтымдыұйымдастыруүшінөзімжетекшілікететінсынынтаұрпақтәрбиесіндегіотбасыролінбастыназардаұстадым.

Отбасы-шағынмемлекет.Қоғамдағыотбасыекікызыметаткарады.Оның бірі – дүниегеұрпақәкелу,екіншісі-дүниегеәкелгенсәбидіөсіріп,өмірбойыруханижағынанжетілдіріп,тұлғаретіндекалыптастыру. Түбегейлізгерістерге бет бұрғанжаңақоғамда тек білімді болу жеткіліксіз.сондықтанәрбіржекетұлғаныңбойындакішіпейілділік,кайрымдылыкадамгершілік,ізгілік,батырлық,отансүйгіштік,т.бқасиеттер болу керек.Олүшінжасұрпаққатәрбиеберуде ар- ұят,адалдық,руханият,адамгершілік, ізгілікмәселелерінқатаркоюқажет.Жасұрпақтытәрбиелеудехалқымыздың сан ғасырлықтәжірбиесібар,сол мол тәжірбиенінпайдаланутатырысып,еңбіріншіжанытаза,адамгершілігімол,парасатты,халкынапайдасынтигізетінадамтәрбиелеудімақсатетіпжүрміз.Себебі,ұлыбабамызӘл-Фараби «Тәрбиесізколғабілім салма» дегенекен.М.Жұмабаевтіңпікіріншетәрбиесаласындтөрттүргебөлугеболады,олар:Жан, ақылтәрбиесі,сұлулық пен әдеп-кылыктәрбиесі.Баланыңбойынабасынансіңгенмінездікайтадантүзетукиындыккелтіреді.Сүтпенсіңгенмінезсүйекпенкетеді,демекші бала мінезінкалыптастырудаотбасымүшелерініңәсіресе,әке-шешеніңықпалыкүшті болу керекОтбасы-адамзатбесігініңтербеткенұяболсабаланың бас ұстазы-ата-ана. Әкеденакыл,анаданмейірімалады.Балаәркашан да ата-анаданжүрекжылуын,мейірмділігінкажететеді,олата-ананыөмірдегітірегісанайды.Балатәрбиесіндеата-ананыңіс-кимыләрекетініңөзішешуші роль аткарады.Ата-анатәрбиепісөзаркылынемесеүйрету,бұйыруаркылыіскеасырылмайды.Тәрбиеәрсәтіндеіскеасады.Тәрбие-сіздіңкалайкиінетініңіз,өзгелерменкалайсөйлесетініңіз,олартуралыне ойлатыныңыз.Осыіс-әрекеттеріңіздіңтәрбиесібаланызүшінмаңызды. Гипті бала дауысекпінініңөзгеруін де сезінеді,сіздіңбарлыкойыңызбаланыңкөкейінебеймәлімжолменжеткізіпжатады,сіз оны байкамайсызда.Сондыктанесеюжолындабастынәрсе-баланыпарасаттыіске,адалдыккаүйрету,жаксыісаткару,ата-ананы,мұғалімді,достарымен таныстарынбейтанысадамдардыкуантабілу.Ата-анажетекшінің ой-пікірін,неһәрсені идеал тұтатынын,кімгеелiктейтінінкандай кинофильм көріп,кандай музыка тыңдайтынынбіліпотырсақұбақүп.Жас бала көкшыбыксиякты.Онықалаймайыстырсаңсолайкарайнілебереді.Сондыктан,ата-анабаласынынтәрбиесіненемкұрайлыкарап,уакытыноткізіпалмай,балабойындағыкемшілік пен оғашкылыкты дер кезіндежойып,жағымдымінез,жаксыәдетке баулу керке.Баланынтілалғыштығы,ұкыптылығы,істегенісінжаксыорындағаныүшінмадакта

п.костап.ризашылықбілдіріпотырудыңманызызор.Қаншажұмыстаншаршапкелсеңіз
де балагадегенмейірімділік,үнеміназардантыскалдырмаубалагаүлкенәсеріптигізеді.
Ата-анабаланы тек жақсылыкка, кайрымдылыкка,мейірімділікке,
ізгіліккетәрбиелеп,сонымақсаттұтсаболашағыұрпактыңзорболмак.Ақансерібылайдеге
некен «мен
ұшқасиетімдімактантұтам:жалганайтпадым,жақсылықтысатпадым,ешкімненештенек
ызғанбадым».Бұлұшқасиетті бала бойынасіңірсе бала
өзініңжандүниесінесезімменкарап,әрбіріс-
әрекетінемақсаткоюға,жоспарлауға,оныорындауға,өзіне-өзіталапкоябіледі.
Ұрпактысаналы,есті,тілалгыш, еңбеккор,білімді, денісау,халқымыздыңтәлім-
тәрбиелікмұрасын,салт-дәстүрінпайдаланаотырыптәрбиенііскеасырукажетАта-
ананыңміндетіегемендіелдіңболашакжасөспірімдерінтәрбиелі, жауапкершілігі мол-
азамат,отансүйгіш- жасұрпак, жекетұлгатәрбиелеу.
Бұлұрпакөсірудекоғамалдындағыәрата-ананыңүлкенміндеті.

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ –
БАСТЫ НАЗАРДА!

БЕЗОПАСНОСТЬ ДЕТЕЙ
ПРЕВЫШЕ ВСЕГО!











Ата-аналар жиналысының хаттамасы № 1

30/09/24ж

2024-2025 оқу жылының 5 «Ә» сыныбы

Жиналысқа қатысуға тиісті: 24 Қатысқандар:18

Сынып жетекшісі: Зиманова Ерке Зиманова

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі және мектеппен байланысы »

Мақсаты:
1. Ата - аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру.
2. Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту.
3. «Неке және отбасы» туралы заңының 82- бабында көрсетілген «Бала шағасына» күш қолдану туралы.
4. Сынып жетекшімен танысу.
5. Ата-аналар комитетін сайлау.
6.Баяндама «Баланың бас ұстазы ата-ана »
7. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды:
1.Мәселе
Баяндама «Баланың бас ұстазы ата-ана»
Мен-президент, сен-премьер...”
Қ. Аманжолов

Отбасы- ол да бір шағын мемлекет. Әр мемлекеттің өзіне тән өндірісі, өнім бөлісі, сыртқы және ішкі саясаты, басқару тәртібі, міндет-қызмет бөлінісі, кіріс- шығыс бюджеті, қасиеттеп, қастерлеп ұстанатын рәміздері т.б болмыс-тіршілік жақтары болады. Адамдардың жақсы өмір сүруі отбасы құрамындағыларға байланысты. Сондықтан отбасы құрылымына зор маңыз беріліп, мәнін қорғаған, отбасының ар-намысын сақтауға, сырын шашпауға, мүшелерінің бір-біріне адал, қамқор болуына тәрбиелеген.
Бала тәрбиесіндегі алғашқы ұстаз — ата-ана.
Ата-анаға берілетін кеңес:
1. Балаға мектеп, мұғалім туралы көбірек мағлұмат беріп, дайындық жұмысын алдын ала жүргізіңіз.
2. Балаңызды өзіне-өзі қызмет етуге дайындаңыз.
3. Жанұяда бала тәрбиесіне бірдей талап қоя біліңіздер.
4. Балаға уәде бергеннен кейін орындауға тырысыңыз, орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда дұрыс түсінік беріңіз.

5. Баланың өз бетімен әрекет жасауына мүмкіндік беріңіз (бермеген жағдайда бала өмір бойы бір істі өздігінен істей алмайтын, жалтақ, өзіне сенбейтін болып өседі).
6. Балаңызға сүйіспеншілікпен қараңыз. Бала түсіністікте және сүйіспеншілікте өссе, ол бұл әлемнен махаббат табуды үйренеді.
Ой толғанысы ...
Бала түсіністікте және сүйіспеншлікте өссе, бұл әлемнен махаббат табуға үйретеді.
Баяндама бойынша оқушының талаптары, ережесі, оқу-құралдары, мектеп, ата-ана арасындағы байланыс, түсіністік ортақ нәтиже туралы құнды ой-пікірлер айтылды, қоштайтындығын білдірді.

2- мәселе

2.Ата-аналар комитетін сайлау
Ата-аналар комитетінің басшысы –Сарбасова Гүлшат
Ата-аналар комитетінің құрамына:
Есанкулова Жанат
Ерғали Сымбат
Пошанова Нургуль

3- мәселе

Сынып жетекшісі Зиманова Ерке оқу бағдарламасы, оқулықтар, кітап, дәптермен жұмыс жүргізілуі туралы айтылды.
а) мекенжай, ата-ананың қызмет орны;
ә) оқушы денсаулығы;
б) оқушы формасы;

4- мәселе

Оқушыларды мұғалім таңдауы бойынша партаға отырғызу. Сыныптағы тазалыкка жауапты ету. Сабақтан себепсіз қалмау. Сабаққа кешікпеу.

Қаулы :

Ата-аналар жиналысы төмендегідей қаулы қабылдады:
1. «Баланың бас ұстазы ата-ана » атты баяндама тыңдалды.
2. .Ата-аналар комитетін сайланды

Ата-аналар комитетінің басшысы –Сарбасова Гулшат
Ата-аналар комитетінің құрамына:
Есенкулова Жанат
Ерғали Сымбат
Пошанова Нургуль сайлансын.
3. Ағымдағы мәселелер ата-аналар тарапынан қарсылықтар болған жоқ.

Ата-аналар жиналысының төрайымы: Зиманова Е.М.
Ата-аналар жиналысының хатшысы: Сарбасова Гулшат

«Шардара» мектеп-лицейінде ААПҚ бойынша өткізілген жиналыстың Анықтамасы

Тақырыбы: «Жасөспірімдердегі ұйқы: оқуға және мінез-құлыққа әсері»

ААПҚО жоспарына сәйкес «Жасөспірімдердегі ұйқы: оқуға және мінез-құлыққа әсері» тақырыбында жиналыс өткізілді.

Жиналыстың мақсаты: жасөспірімдер арасында дұрыс ұйқының маңыздылығын түсіндіру, ұйқының оқу үлгеріміне, көңіл-күйіне және мінез-құлқына әсері туралы ақпарат беру, ұйқы тәртібін дұрыс ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру.

Жиналыс барысында төмендегі мәселелер қарастырылды:

1. **Жасөспірімдердегі ұйқы физиологиясы.**
   Жасөспірімдік кезеңдегі ағзадағы физиологиялық өзгерістер, ұйқы мен сергектік тәртібінің ерекшеліктері, жеткілікті ұйқының ағзаға қажеттілігі туралы түсіндірілді
2. **Ұйқының бұзылуы – дәрігерге кеңес алу үшін негіз.**
   Ұйықтай алмау, түнде жиі ояну, таңертең сергек тұрмау, күндізгі шамадан тыс ұйқышылдық сияқты белгілерге назар аудару қажеттігі айтылды. Ұйқы мәселелері тұрақты түрде байқалған жағдайда ата-анаға дәрігердің кеңесіне жүгіну ұсынылды.
3. **Ұйқы бұзылыстарының жасөспірімдердің көңіл-күйіне, мінез-құлқына және оқу қабілетіне әсері.**
   Ұйқының жеткіліксіздігі шаршау, ашушаңдық, көңіл-күйдің өзгеруі, зейіннің төмендеуі және оқу материалын меңгерудің қиындауына әсер етуі мүмкін екендігі талқыланды.
4. **Дұрыс ұйқыны ұйымдастыру әдістері.**
   Күн тәртібін сақтау, ұйықтау және ояну уақытын тұрақтандыру, ұйқы алдында электрондық құрылғыларды пайдалануды шектеу, бөлмені ұйқыға қолайлы жағдай келтіру, кешкі уақытта жағымды әрі тыныш әрекеттермен айналысу жөнінде ұсыныстар берілді.

Жиналыс барысында қатысушыларға жасөспірімнің денсаулығы мен оқу белсенділігін сақтау үшін ұйқы тәртібінің маңыздылығы түсіндірілді. Ата-аналарға балалардың күн тәртібін бақылау, демалыс пен оқу уақытын тиімді ұйымдастыру және ұйқыға қолайлы жағдай жасау бойынша кеңестер берілді.

Қорытынды:
Жиналыс соңында қатысушылар дұрыс ұйқының жасөспірімнің физикалық және психологиялық жағдайына, көңіл-күйі мен мінез-құлқына, сондай-ақ оқу қабілетіне тигізетін әсері туралы қажетті ақпарат алды. Қатысушыларға салауатты ұйқы әдеттерін қалыптастыру және күн тәртібін сақтау ұсынылды.

Жауапты: Г.Ахатова
Лауазымы: ДТІЖО:
Күні: 11 қыркүйек 2024 жыл

«Шардара» мектеп-лицейінде ААПҚ бойынша өткізілген жиналыстың Анықтамасы

Тақырыбы: «Сапалы ұйқы: балалардың дамуы мен денсаулығының іргетасы»

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспарына сәйкес ата-аналарғ балалардың денсаулығын нығайту, дұрыс күн тәртібін қалыптастыру және сапалы ұйқының бала дамуына әсері туралы педагогикалық қолдау көрсету мақсатында «Сапалы ұйқы: балалардың дамуы мен денсаулығының іргетасы» тақырыбында кездесу өткізілді.

Іс-шараның мақсаты: ата-аналарға баланың дене және психологиялық денсаулығын сақтаудағы сапалы ұйқының маңызын түсіндіру, баланың танымдық және эмоциялық дамуына қолайлы жағдай жасауға бағыт-бағдар беру, ұйқыға байланысты пайдалы әдеттерді қалыптастыру жолдарын көрсету.

Іс-шара барысында төмендегі мәселелер қарастырылды:

1. Баланың тұлғасын дамыту үшін ұйқының маңызы.
Ата-аналарға баланың толыққанды демалуы оның дене бітімінің, жүйке жүйесінің және жалпы дамуының маңызды құрамдас бөлігі екені түсіндірілді. Ұйқының жеткілікті болуы баланың күнделікті белсенділігіне, көңіл күйіне және өзін-өзі реттеу қабілетіне оң әсер ететіні айтылды.

2. Ұйқы – баланың танымдық және эмоциялық дағдыларын дамытудың негізі.
Сапалы ұйқының баланың зейінін шоғырландыруына, есте сақтауына, ақпаратты қабылдауына және оқу әрекетіне ықпалы туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар жеткілікті демалыстың баланың эмоциясын басқаруына, сабырлы болуына және қоршаға ортамен жағымды қарым-қатынас орнатуына ықпал ететіні талқыланды.

3. Ұйқыға байланысты пайдалы әдеттерді қалыптастыру алгоритмі.
Ата-аналарға баланың ұйқы режимін біртіндеп қалыптастырудың тиімді жолдары ұсынылды:

- ұйқы және ояну уақытын тұрақты сақтау;
- ұйқыға дейін тыныш әрекеттерді ұйымдастыру;
- кешкі уақытта белсенді ойындарды шектеу;
- гаджеттерді пайдалануды азайту;
- ұйқы алдында бөлмені желдету;
- балаға жағымды әрі тұрақты ұйқы алдындағы рәсімдерді қалыптастыру.

4. Дұрыс ұйықтау үшін қажетті жағдайлар.
Баланың ұйықтайтын бөлмесінің тыныш, таза, желдетілген және қолайлы температурада болуының маңызы айтылды. Сонымен қатар баланың жас ерекшелігіне сай күн тәртібін сақтау, кешкі уақытта шамадан тыс тамақтану мен белсенділікті болдырмау жөнінде ата-аналарға ұсыныстар берілді.

Кездесу барысында ата-аналар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, пікірлерімен бөлісті. Баланың денсаулығын нығайтуда ата-ана мен педагогтің бірлескен әрекетінің маңыздылығы атап өтілді.

Қорытынды:
Іс-шара нәтижесінде ата-аналар сапалы ұйқының баланың денсаулығы, танымдық қабіле эмоциялық тұрақтылығы және тұлғалық дамуы үшін маңыздылығы туралы қажетті ақпар алды. Ата-аналарға балалардың ұйқы режимін дұрыс ұйымдастыру және тұрақты пайдал әдеттер қалыптастыру бойынша практикалық ұсыныстар берілді.

Өткізілген күні: 12 қыркүйек 2024 жыл
Қатысқандар: Мұғалімдер, сынып жетекшілер, ата-аналар
Өткізген жері: 40 кабинет
Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жетекшісі: А.Есенбаева, Г.Ахатова

«Шардара» мектеп-лицейінде ААПҚ бойынша өткізілген жиналыстың Анықтамасы

Тақырыбы: «Тамақ ішу мәдениеті: баланың дұрыс тамақтануын қалыптастыру және қолдау»

Өткізілген орны: 23 кабинет
Өткізілген күні: 05 қараша 2024жыл
Қатысқандар: ата-аналар, мектеп педагогтері, сынып жетекшілері

Мектепішілік ата-аналарды қолдау орталығы жоспарына сәйкес ата-аналармен «Тамақ ішу мәдениеті» тақырыбында жиналыс өткізілді.

Жиналыстың мақсаты – ата-аналарға баланың дұрыс тамақтану әдетін қалыптастыруда қолдау көрсету, тамақтануға байланысты жағымды психологиялық ортаны қалыптастыру, баланың өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауына жағдай жасау және күнделікті өмірде дұрыс тамақтануды ұйымдастырудың тиімді жолдарын түсіндіру.

Жиналыс барысында төмендегі мәселелер қарастырылды:

1. **Балада шешім қабылдау дағдыларын дамыту.**

Ата-аналарға баланың күнделікті тамақтану барысында өз таңдауын жасауына мүмкіндік берудің маңыздылығы түсіндірілді. Баланың жас ерекшелігіне қарай пайдалы тағамдарды таңдауға, мөлшерін анықтауға және өз қажеттілігін дұрыс түсінуге үйрету жолдары қарастырылды.

2. **Фаст-фудты ауыстырудың экологиялық таза және психологиялық қауіпсіз тәсілдері.**

Фаст-фуд өнімдерін бірден шектеу немесе тыйым салудың орнына, оларды пайдалы әрі қолжетімді тағамдармен біртіндеп алмастыру жолдары ұсынылды. Үй жағдайында дайындалатын пайдалы тағамдарды баламен бірге таңдау және әзірлеу, бір реттік қаптаманы азайту, жергілікті және маусымдық өнімдерді пайдалану жөнінде кеңестер берілді.

3. **Дұрыс тамақтануды қолдау: мотивтер мен шешімдер.**

Дұрыс тамақтануға мәжбүрлеу емес, баланың ішкі қызығушылығын қалыптастырудың маңыздылығы айтылды. Ата-аналарға баланы сыртқы келбетіне немесе салмағына байланысты сынамау, тамақтануды жазалау немесе марапаттау құралы ретінде пайдаланбау, отбасы мүшелерінің өздері дұрыс тамақтануға үлгі болу қажеттігі түсіндірілді.

4. **Үйде және сыртта дұрыс тамақтануға арналған практикалық кеңестер мен қадамдар.**

Күн тәртібін сақтау, таңғы ас ішу, жеткілікті мөлшерде су тұтыну, көкөніс пен жемістерді тағам рационына енгізу, тағам құрамына назар аудару және мектептен тыс уақытта дұрыс тағам таңдауды алдын ала жоспарлау бойынша практикалық ұсыныстар берілді.

Жиналыс барысында ата-аналар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, балалардың тамақтану мәдениетін қалыптастыруға байланысты пікірлерімен бөлісті. Қатысушыларға баланың дұрыс тамақтануы тек тағам таңдаумен шектелмей, отбасындағы қарым-қатынас, ата-ананың жеке үлгісі және баланың дербес шешім қабылдау дағдыларымен тығыз байланысты екені түсіндірілді.

Қорытынды:
Жиналыс өз мақсатына жетті. Ата-аналарға баланың дұрыс тамақтану әдетін қалыптастыру бойынша практикалық ұсыныстар берілді. Отбасында баланың пікірін ескеру, пайдалы тағамдарды бірге таңдау, дұрыс тамақтануға жағымды көзқарас қалыптастыру және күнделікті өмірде ата-ананың үлгі көрсетуі ұсынылды.

Жауапты педагог: Қ.Мұсақұлова

«Шардара» мектеп-лицейінде ААПҚ бойынша өткізілген жиналыстың Анықтамасы

Тақырыбы: «Жеке қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру»

Мектепішілік ата-аналар жиналысында оқушылардың жеке қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамыту және отбасындағы қауіпсіздік тәрбиесінің маңыздылығы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Жиналыстың негізгі мақсаты – ата-аналарға балалардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі отбасы мен мектептің бірлескен жауапкершілігін түсіндіру, күнделікті өмірде қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу және бала бойында жауапты мінез-құлық қалыптастыру.

Жиналыс барысында төмендегі мәселелер қарастырылды:

1. Жеке қауіпсіздік мәдениеті дегеніміз не?
Жеке қауіпсіздік мәдениеті – адамның өз өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған қауіпсіз мінез-құлық дағдыларының, білімінің, жауапкершілігінің және дұрыс шешім қабылдау қабілетінің жиынтығы. Оқушыларға қауіп-қатерді алдын ала байқап, сақтық шараларын орындаудың маңыздылығы түсіндірілді.

2. Отбасында жеке қауіпсіздік дағдыларын сіңіру.
Ата-аналарға балаға қауіпсіздік ережелерін күнделікті өмірде үйретудің маңызы айтылды. Үй жағдайындағы қауіпсіздік, жолда жүру ережелері, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас, интернеттегі қауіпсіздік, төтенше жағдай кезіндегі әрекет ету тәртібі бойынша тұрақты түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттігі атап өтілді.

3. Мінез-құлық этикасын және жеке қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру.
Оқушының қоғамдық орындарда өзін дұрыс ұстауы, басқа адамдардың жеке шекарасын құрметтеуі, қауіпті жағдайларда сабыр сақтауы және жауапты шешім қабылдауы жеке қауіпсіздік мәдениетінің маңызды бөлігі екендігі түсіндірілді. Ата-аналарға балаға өз әрекетінің салдарын бағалауды және қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын сақтауды үйрету ұсынылды.

4. Күнделікті өмірде жеке қауіпсіздік нормаларын, наным-сенімдерін, құндылықтарын қабылдау.
Баланың қауіпсіздік ережелерін тек білуі ғана емес, оларды күнделікті өмірде тұрақты әдетке айналдыруы маңызды екендігі айтылды. Қауіпсіздікке жауапкершілікпен қарау, өзіне және айналасындағыларға құрмет көрсету, сақтық пен жауапкершілік сияқты құндылықтарды қалыптастырудың маңыздылығы атап өтілді.

Жиналыс соңында ата-аналарға балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мектеппен тығыз байланыста болу, балаға қауіпсіздік ережелерін үнемі ескертіп

отыру және өздері де қауіпсіз мінез-құлықтың үлгісін көрсету жөнінде ұсыныстар берілді.

Қорытынды:
Жеке қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру – мектеп пен отбасының бірлескен жұмысы арқылы жүзеге асатын маңызды тәрбие бағыты. Баланың қауіпсіздік ережелерін саналы түрде меңгеруі оның күнделікті өмірде дұрыс әрі жауапты әрекет етуіне ықпал етеді.

ДТІЖО: Г.Т.Ахатова
Күні: 15 мамыр 2025 жыл

«Шардара» мектеп-лицейінде ААПҚ бойынша өткізілген жиналыстың Анықтамасы

Тақырыбы: «Балалардың қауіпсіздігі – ересектердің қамқорлығы»
Өткізілген орны: 23 кабинет
Өткізілген күні: 15.04 2025 жыл
Қатысқандар: ата-аналар, педагогтер
Жауапты: _____
Мектепішілік **Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталығы** аясында ата-аналармен «Балалардың қауіпсіздігі – ересектердің қамқорлығы» тақырыбында жиналыс өткізілді.
Жиналыстың негізгі мақсаты – ата-аналардың балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі жауапкершілігін арттыру, төтенше және қиын жағдайларда баланың өзін-өзі қорғау дағдыларын қалыптастыруға қолдау көрсету жолдарын түсіндіру.

Жиын барысында бала қауіпсіздігінің негізгі бағыттары бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді:

1. **Дене дайындығы** – төтенше жағдайларда баланың өз ағзасын қорғау, қауіптен сақтану және алғашқы әрекеттерді дұрыс орындау дағдыларын қалыптастыру.
2. **Эмоциялық дайындық** – қиын немесе қауіпті жағдайларда қорқыныш пен үрейді жеңу, сабыр сақтау, өзін-өзі бақылау және дұрыс шешім қабылдау тәсілдерін меңгерту.
3. **Танымдық әзірлік** – қауіпсіздік ережелері туралы білімді қалыптастыру, түрлі қауіп-қатерлерді ажырата білу және қорғану тәсілдерін меңгерту.
4. **Әлеуметтік дайындық** – қиын жағдайда үлкендерден көмек сұрау, дұрыс қарым-қатынас жасау, қажетті ақпаратты жеткізу және коммуникациялық дағдыларды дамыту.

Кездесу барысында ата-аналарға баланың қауіпсіздігі ең алдымен отбасыдағы күнделікті тәрбие мен ата-ананың үлгісінен басталатыны түсіндірілді. Баламен сенімді қарым-қатынас орнату, оның қауіпсіздік мәселелері бойынша сұрақтарын тыңдау және төтенше жағдайларда әрекет ету алгоритмдерін бірге талқылаудың маңыздылығы атап өтілді.
Сонымен қатар ата-аналарға балаларға үйде қауіпсіздік ережелерін жүйелі түрде қайталап отыру, қауіпті жағдайларда кімнен және қалай көмек сұрау керектігін үйрету бойынша ұсыныстар берілді.

Қорытынды:
Жиналыс барысында ата-аналар балалардың дене, эмоциялық, танымдық және әлеуметтік қауіпсіздік дайындығын қалыптастырудағы ересектердің рөлі туралы қажетті ақпарат алды. Ата-аналарға баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында бірлескен отбасы мен мектеп жұмысының маңыздылығы түсіндірілді.

Жауапты педагог: Қ.Мұсақұлова